

## Аңдатпа

Дипломдық жоба «Kemel-NT» білім беру орталығының қорғалған веб-сайтын әзрлеуге арналған.

Веб-сайттың қазіргі замандағы рөлі, танымалдылығы, оған төнетін қауіптер мен оларды қорғаудың маңыздылығы мен тәсілдері талданған.

Веб-сайтты әзірлеуде WordPress сайт әзірлеу платформасы, дерекқор ұйымдастыру үшін phpMyAdmin технологиясы қолданылды.

Қорғау технологиясын ұйымдастыру үшін қос факторлы аутентификация, спам-боттардан қорғауға арналған Aksimet программасы, парольдік қорғау механизмі MD5 қолданылды. Дипломдық жобада қауіпсіздік механизмдерін қамтамасыз етуде аутентификация, түпнұсқалықты анықтау, авторландыру және парольдік қорғаудың сенімді механизмдері жүзеге асырылған.